

ЖЕКЕ МЕМОРАНДУМ

Уәкілетті органның мемлекеттік емес облигациялар шығарылымын мемлекетті тіркеуі инвесторларға мемлекеттік емес облигацияларды сатып алуға қатысты, жеке меморандумда сипатталған қандай да болсын ұсынымдар беруді білдірмейді және осы құжатта қамтылған ақпараттың дәйектілігін растамайды.

Эмитенттің лауазымды тұлғалары онда берілген барлық ақпараттың дәйектілігін және эмитент пен оның орналастырылатын мемлекеттік емес облигацияларына қатысты инвесторларды жаңылдыруға әкеп соқтырмайтынын растайды.

1. Облигациялар шығарылымы облигациялық бағдарламаның проспектісіне сәйкес жүзеге асырылатыны туралы ақпарат (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес эмитенттің толық атауы (Қазақстан Республикасының бейрезидент - эмитенті үшін) немесе заңды тұлға ретінде тіркелгенін растайтын өзге құжатқа сәйкес (Қазақстан Республикасының резидент эмитенті үшін) эмитенттің толық атауы)

Толық атауы

Қазақ тілінде	"Qazaqstan Investment Corporation" акционерлік қоғамы
Орыс тілінде	Акционерное общество "Qazaqstan Investment Corporation"
Ағылшын тілінде	«qazaqstan investment corporation» joint-stock company

Қысқартылған атауы

Қазақ тілінде	"Qazaqstan Investment Corporation" АҚ
Орыс тілінде	АО "Qazaqstan Investment Corporation"
Ағылшын тілінде	"QIC" JSC

2. Эмитенттің бизнес-сәйкестендіру нөмірі

070540007641

3. Облигациялар шығарылымы туралы мәліметтер:

1) облигациялардың түрі, облигациялардың саны және облигациялар шығарылымның жалпы көлемі.

- облигациялардың түрі: Кепілсіз купондық Облигациялар
- облигациялардың саны: 500 000 (бес жүз мың) дана
- облигациялар шығарылымның жалпы көлемі: 500 000 000 (бес жүз миллион) АҚШ доллары

Егер облигациялар өтеу мерзімі жоқ облигациялар болып табылса, бұл туралы мәліметтер көрсетіледі

облигациялардың өтеу мерзімі бар

2) бір облигацияның номиналды құны (егер бір облигацияның номиналды құны индекстелген шама болса, онда бір облигацияның номиналды құнын есептеу тәртібі қосымша көрсетіледі)

1 000 (бір мың) АҚШ доллары

3) облигацияның номиналды құнының, облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) есептелген сыйақы бойынша төлем валютасы

АҚШ доллары

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗПК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



4) облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің және ол болған жағдайда қосымша сыйақы мөлшері

облигациялар бойынша негізгі сыйақы мөлшерлемесінің: тіркелген, "Қазақстан қор биржасы" АҚ қағидаларына сәйкес өткізілетін Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы өткізілген сауда-саттықты өткізу қорытындылары бойынша айқындалатын болады

қосымша сыйақы мөлшері: 0 %

Қосымша сыйақы төленген жағдайда облигациялар бойынша қосымша сыйақы алудың басталуына немесе басталмауына байланысты болатын оқиғалар туралы ақпарат көздерін көрсете отырып, облигациялар бойынша қосымша сыйақы мөлшерін айқындау тәртібі көрсетіледі.

Облигациялар бойынша қосымша сыйақы жоқ.

Облигацияларды өзге де мүлдік құқықтармен өтеу кезінде сыйақы және номиналды құн төленген жағдайда, осы құқықтардың, олардың сақталуын қамтамасыз ету тәсілдерінің, бағалау тәртібінің және көрсетілген құқықтарды бағалауды жүзеге асыруға құқылы тұлғалардың сипаттамасы, сондай-ақ осы құқықтардың өту тәртібі келтіріледі.

Облигацияларды өтеу кезінде сыйақы мен номиналды құнды төлеу өзге мүлдік құқықтармен жүргізілмейді.

5) сыйақыны төлеу кезеңділігін және (немесе) сыйақыны төлеу күнін және сыйақыны алу тәсілін көрсете отырып, облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары

облигациялар бойынша сыйақы төлеу тәртібі мен талаптары: Облигациялар бойынша сыйақы төлеу Облигациялар айналысының бүкіл мерзімі ішінде Облигациялар айналысы басталған күннен бастап әрбір 6 (алты) ай сайын жылына 2 (екі) рет жүргізіледі.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және эмитенттің бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңғы күнінің басында (Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (бұдан әрі – тіркелген күні) төленеді.

Сыйақы оны алуға құқығы бар және эмитенттің бағалы қағаздарды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға сыйақы төлеу жүзеге асырылатын кезеңнің соңына дейін 7 жұмыс күні бұрын басталатын күннің басында (Эмитенттің облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) (тіркелген күні) төленеді. Облигациялар бойынша купондық сыйақыны төлеу облигацияларды ұстаушылардың банктік шоттарына ақшаны тіркеу күнінен кейінгі күннен бастап 6 (алты) жұмыс күні ішінде аудару арқылы АҚШ долларымен жүзеге асырылады.

Сыйақыны (купонды) есептеу үшін 360/30 уақытша база қолданылады (жылына үш жүз алпыс күн/айына отыз күн).

Сыйақының соңғы төлемі осы жеке Меморандумның 3-тармағының 7-тармақшасында көзделген тәртіппен Облигациялар бойынша борыштың негізгі сомасын төлеумен бір мезгілде жүргізіледі.

сыйақыны төлеу кезеңділігін: Жарты жылда



6) облигациялар айналысының басталу күні және мерзімі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда айналыс мерзімі көрсетілмейді)

Жеке меморандум шарттарына сәйкес "Қазақстан қор биржасы" АҚ (бұдан әрі – "Биржа") сауда жүйесінде Облигацияларды орналастыру бойынша алғашқы сауда-саттық өткізілген күн - Облигациялар айналысы мерзімінің басталатын күні. Облигациялар айналысының басталу күні туралы ақпарат Биржаның интернет-ресурсында жарияланатын болады (www.kase.kz).

облигациялар мерзімі

Жылдар: 7

Айлар: 0

Күндер: 0

7) облигацияларды өтеу күні және тәсілі (облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда толтырылмайды)

облигацияларды өтеу күні

Облигацияларды өтеу кезеңінің басталу күні болып табылады облигациялардың айналысы аяқталған күнге дейін 7 жұмыс күнінен басталатын күн. Облигацияларды өтеу мерзімі 7 (жеті) жұмыс күнін құрайды.

облигацияларды өтеу тәсілі

1) Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінен кейінгі 6 (алты) жұмыс күні ішінде эмитент соңғы купондық кезең үшін купондық сыйақыны қоса алғанда, Облигацияларды өтеуге арналған ақшаны облигацияларды өтеуге арналған соманы есепке жатқызу үшін орталық депозитарий ашқан шотқа әрбір адамға төленуге жататын сома туралы ақпаратты қамтитын облигацияларды ұстаушылар тізімін қоса бере отырып облигация ұстаушыға аударарды;

2) Осы жеке меморандумда белгіленген Облигацияларды өтеу мерзімі аяқталатын күнге дейін екі жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде не өзге мерзімде, егер өзге мерзім қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның тиісті нормативтік құқықтық актісінде белгіленген болса, "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ Эмитенттен алынған ақшаны Облигация ұстаушылардың банктік шоттарына аударарды. Негізгі борыш сомасы оны алуға құқығы бар және Облигациялар айналысы мерзімінің соңғы күнінің басында (Эмитенттің Облигацияларын ұстаушылар тізілімдерінің жүйесін жүргізуді жүзеге асыратын орталық депозитарий орналасқан жердегі уақыт бойынша) Облигацияларды ұстаушылар тізілімдерінің жүйесінде тіркелген тұлғаларға төленеді. Облигацияларды өтеу кезінде номиналды құнды төлеу өзге мүліктік құқықтармен жүргізілмейді.

Барлық төлемдер - сыйақы төлеу және Облигацияларды өтеуді Эмитент қолма-қол ақшасыз тәртіппен жүзеге асырады.

8) облигациялар айналысын жүргізу жоспарланып отырған нарық (бағалы қағаздардың ұйымдастырылған және (немесе) ұйымдастырылмаған нарығы)

Облигациялардың айналысы ұйымдастырылған нарықта да, ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында да жоспарланған.



4. Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу тәртібі мен шарттары

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі көзделген жағдайда, облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу құны (құнын айқындау тәртібі), эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеуі мүмкін не облигациялардың иелері облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу туралы талапты, эмитенттің облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің шарттары мен қорытындылары туралы ақпаратты ашу тәртібін, сондай-ақ облигацияларды шығару туралы шешімде көзделген, эмитенттің қалауы бойынша немесе облигациялар иелерінің талап етуі бойынша мерзімінен бұрын өтеу жүзеге асырылатынына қарай облигацияларды мерзімінен бұрын өтеудің өзге де талаптары көрсетіледі.

Егер эмитент облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігін көздеме, бұл мән-жай көрсетіледі.

Облигацияларды мерзімінен бұрын өтеу мүмкіндігі қарастырылмаған

5. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде жобалық қаржыландыру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) ақшалай талаптардың сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары және болжанатын мерзімдері

2) облигациялар ұстаушыларға негізгі шарт бойынша жасалған мүліктің меншік иесінің ауысуы туралы, кредиторлар өкілдерінің арнайы қаржы компаниясының органдарына енгізілуі және олардың өкілеттіктері туралы ақпаратты ұсыну тәртібі

3) арнайы қаржы компаниясының жобалық қаржыландыру мәмілесіне қызмет көрсетуге, инвестициялық басқаруға байланысты, бөлінген активтер есебінен жүзеге асырылатын шығыстарының тізбесі

4) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

5) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

6. Арнайы қаржы компаниясының облигациялары шығарылған кезде секьюритилендіру кезінде мыналар қосымша көрсетіледі:

1) оригинатордың, кастодиан-банктің, инвестициялық портфельді басқарушының, арнайы қаржы компаниясының және басқаға берілген талап ету құқықтары бойынша төлемдерді жинайтын тұлғаның атауы мен орналасқан жері

2) секьюритилендіру мәмілесіндегі оригинатор қызметінің мәні, құқықтары мен міндеттері

3) талап ету құқықтарының сипаттамасы, бөлінген активтердің құрамына кіретін талап ету құқықтары бойынша ақша түсімінің талаптары, тәртібі мен мерзімдері және олардың орындалуына бақылау жасау тәртібі

4) бөлінген активтер бойынша уақытша бос түсімдерді инвестициялау тәртібі



5) талап ету құқықтары біртектілігінің өлшемшарттары

6) бір облигациялық бағдарлама шегінде шығарылған түрлі шығарылымдардың облигацияларын өтеу және сыйақы төлеу тәртібі мен кезектілігі (облигациялық бағдарлама шегінде жеке меморандумда көрсетіледі)

7) арнайы қаржы компаниясы банкрот болған кезде арнайы қаржы компаниясының облигацияларын ұстаушылардың талаптарын қанағаттандыру тәртібі мен кезектілігі

Жатпайды

7. Эмитенттің шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерді толық немесе ішінара қамтамасыз ету болып табылатын мүлкі туралы мәліметтер:

1) осы мүлктің құнын көрсете отырып шығарылған облигациялар бойынша қамтамасыз етудің сипаттамасы

Қолданылмайды.

2) қамтамасыз ету құнының облигациялар шығарылымының жиынтық көлеміне пайыздық арақатынасы

0%

3) кепіл затын өндіріп алу тәртібі

0%.

8. Атауын, орналасқан жерін, кепіл шартының деректемелерін, кепілдік мерзімі мен талаптарын көрсете отырып, кепілдік берген банктің деректері (егер облигациялар кепілдікпен қамтамасыз етілсе)

Жатпайды

9. Облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсаты

1) Эмитент облигацияларды орналастырудан алатын ақшаны пайдаланудың нақты мақсаттары көрсетіледі

Облигацияларды орналастырудан түскен қаражат мынадай салаларды қаржыландыру үшін инвестициялық мақсаттарға бағытталатын болады: өңдеу өнеркәсібі, тау-кен металлургия өнеркәсібі (өндірілетін шикізатты одан әрі өңдеу көзделген жағдайларда), көлік және логистика, энергетика және инфрақұрылым, "жасыл" технологиялар саласындағы жобалар, экспортқа бағдарланған жобалар және экономиканың түрлі секторларында еңбек өнімділігін арттыруға бағытталған жобалар.

2) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялары және орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда эмитентте облигациялар шығару жөніндегі негіздемелік бағдарламаның болуы туралы ақпарат көрсетіледі

3) "Жасыл" облигациялар шығарылған жағдайда, облигацияларды орналастырудан алынған ақшаны пайдаланудың нысаналы мақсатының Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат көрсетіледі

4) Әлеуметтік облигациялар шығарылған жағдайда қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын әлеуметтік міндеттерді іске асыруға

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



бағытталған тиісті жобаның қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ оның Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 4-тармағында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

5) Орнықты даму облигацияларын шығарған жағдайда қаржыландыруға (іске асыруға) осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылатын "жасыл" және әлеуметтік жобалардың үйлесімінің қысқаша сипаттамасы, сондай-ақ олардың Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкестігі туралы ақпарат келтіріледі

6) "Жасыл", әлеуметтік облигациялар және орнықты даму облигациялары шығарылған жағдайда қосымша:

қаржыландыру үшін осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жобаны іске асыру барысы туралы ақпаратты ашуды эмитент жүзеге асыратын ақпарат көздері

егер қаржыландыруға осы облигацияларды орналастырудан алынған ақша пайдаланылған жоба Багалы қағаздар рыногы туралы заңның 20-1-бабының 3 және 4-тармақтарында белгіленген жобаларға сәйкес келмейтін болса, эмитент қолданатын шаралар көрсетіледі

7) Орнықты дамуға байланысты облигациялар шығарылған жағдайда:

эмитент алдын ала белгілеген оларға қол жеткізу мерзімдерін көрсете отырып, орнықты даму саласындағы қызметтің нақты нәтижелеріне қол жеткізуді бағалау үшін пайдаланылатын тиімділіктің негізгі көрсеткіштері

көрсетілген көрсеткіштерді есептеу әдістемесі

эмитент қол жеткізген жағдайда қолданысқа енетін, орнықты дамуға байланысты облигациялардың қаржылық және (немесе) құрылымдық сипаттамалары

эмитент өзі белгілеген негізгі көрсеткіштердің орындалуы туралы ақпаратты ашуды жүзеге асыратын ақпарат көздері сипатталады

8) Орналастырудан түскен ақша жобаны қаржыландыруға бағытталатын инвестициялық облигациялар шығарылған жағдайда, осы жобаның қысқаша сипаттамасы келтіріледі

Бұл шығарылымдағы облигациялар "жасыл", әлеуметтік облигациялар, орнықты даму облигациялар, орнықты дамуға байланысты облигациялар және инвестициялық облигациялары емес.

10. Облигация ұстаушыға берілетін құқықтар

- осы Облигациялардың жеке меморандумында көзделген мерзімдерде номиналды құнды алу құқығы;
- осы Облигациялардың жеке меморандумында көзделген мерзімдерде сыйақы алу құқығы;
- Эмитенттің ішкі корпоративтік қағидаларында және "Қазақстан қор биржасы" АҚ талаптарында көзделген тәртіппен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Эмитенттің қызметі және оның қаржылық жағдайы туралы ақпарат алу құқығы;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен өз талаптарын қанағаттандыру құқығы;
- Облигацияларды еркін иеліктен шығару және билік ету құқығы;
- Облигацияларға меншік құқығынан туындайтын өзге де құқықтар;
- Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда Эмитенттің Облигацияларды мерзімінен бұрын сатып алуды талап ету құқығы;
- нарықтық конъюнктура өзгерген жағдайда сыйақы мөлшерлемесін өзгерту құқығы.

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқықтарын өткізуінің шарттары, тәртібі мен мерзімдері бұдан әрі осы тармақшада көрсетілген: а) егер Эмитент "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында белгіленген шарттардың кез келгенін бұзуға жол берген жағдайда, Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге құқығы бар.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңның 18-4-бабы 2-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар туындаған кезде Эмитент орналастырылған Облигацияларды мынадай бағалардың ең үлкені бойынша сатып алуды жүзеге асыруға міндетті: (i) жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес келетін баға; (ii) қор биржасының сауда жүйесіне айналысқа жіберілген қаржы құралдарын бағалау әдістемесіне сәйкес айқындалған Облигациялардың нарықтық бағасы (мұндай баға болған кезде); (iii) Қазақстан Республикасының бағалау қызметі туралы заңнамасына сәйкес бағалаушы айқындаған баға (егер Эмитенттің Облигациялары ұйымдастырылған бағалы қағаздар нарығында айналысқа түспесе).

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Заңның 18-4-бабының 2-тармағында көзделген сатып алу үшін негіздердің кез келгені туындаған жағдайда, Эмитент көрсетілген негіздер басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.qic.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды сатып алу үшін негіздеменің туындағаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Бұл ақпарат Облигацияларды сатып алу үшін негіздердің қайсысының орын алғаны туралы толық сипаттаманы, сондай-ақ қажет болған жағдайда өзге ақпаратты қамтуы тиіс.

Жоғарыда көрсетілген ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Облигацияларды ұстаушылар сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, жазбаша сатып алу туралы өтініштер беруге құқылы, ал Эмитент сатып алуға мәлімделген Облигациялардың санын көрсете отырып, сатып алу туралы жазбаша өтініштер қабылдауға міндетті.

Облигацияларды сатып алу туралы кемінде бір жазбаша өтініш алған жағдайда Эмитенттің Директорлар кеңесі сатып алуға жазбаша өтініштерді қабылдау кезеңінің соңғы күнінен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде мыналар туралы шешім қабылдауы міндетті:

- Облигацияларды сатып алу;
- Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
- сатып алынатын Облигациялар саны;
- Облигацияларды сатып алуды өткізу күні - бұл ретте сатып алуды өткізу күні Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен кешіктірілмей белгіленуге тиіс;
- есеп айырысу тәртібі туралы, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге оларды сатып алу нәтижесінде Облигацияларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыру үшін қажетті өзге де шешімдер.

Эмитент Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде Эмитенттің (www.qic.kz), Биржаның (www.kase.kz) және Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурстарында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына осындай шешім қабылдау туралы ақпаратты жеткізуге міндетті. Жарияланған мәліметтер мынадай мәліметтерді қамтуы тиіс:



- осы бағаны есептеу тәртібін көрсете отырып, Облигацияларды сатып алу жүргізілетін баға;
 - сатып алынатын Облигациялар саны;
 - Облигацияларды сатып алу күні;
 - есеп айырысу тәртібі, оның ішінде: (а) Облигацияларды ұстаушылардың Облигацияларды ұстаушылардың тізілімін жүргізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын орталық депозитарийге Облигацияларды сатып алу нәтижесінде оларды есептен шығаруға бұйрықтар беру тәртібі және (б) Облигацияларды ұстаушыға өзінен сатып алынған Облигацияларды төлеуге ақша қаражатын аудару тәртібі;
 - Эмитенттің Облигацияларды сатып алуын ұйымдастыруға қажетті басқа ақпарат.
- Орналасырылған Облигацияларды сатып алуды Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигацияларды сатып алу туралы шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік 30 (отыз) күннен аспайтын мерзімде Эмитент жүзеге асырады.
- б) осы жеке меморандумда көзделген дефолт оқиғасы туындаған жағдайда.
- Дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Облигацияларды ұстаушылардың өздеріне тиесілі Облигацияларды сатып алуды талап етуге өз құқығын өткізу тәртібі мен мерзімдері осы жеке меморандумның 11-тармағында көрсетілген.
- Сонымен қатар, Облигацияларды шығару шарттарымен Эмитенттің Облигацияларды сатып алу құқығы қарастырылған. Директорлар кеңесінің шешімі бойынша Эмитент өз Облигацияларын (ұйымдастырылған немесе ұйымдастырылмаған бағалы қағаздар нарығында) олардың айналысының бүкіл мерзімі ішінде сатып алуға құқылы;
- Эмитенттің Облигацияларды сатып алу бағасы, сатып алу тәртібі, шарттары мен мерзімі Эмитенттің Директорлар кеңесінің тиісті шешімімен айқындалатын болады.
- Сатып алынған Облигациялар өтелген болып саналмайды және оларды Эмитент қайта сата алады.

Облигацияларды өтеу мерзімінсіз шығарған жағдайда мемлекеттік емес облигацияларды ұстаушылардың облигацияларды өтеу мерзімінсіз, оның ішінде Бағалы қағаздар рыногы туралы заңның 15 және 18-4-баптарында көзделген негіздер бойынша сатып алу туралы талап қоя алмайтыны туралы мәліметтер көрсетіледі.

Облигациялардың өтеу мерзімі бар.

11. Облигациялар бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелер орындалмаған немесе тиісінше орындалмаған кезде облигацияларды ұстаушылардың құқықтарын қорғау рәсімдерін, оның ішінде міндеттемелерді қайта құрылымдау тәртібі мен шарттарын қоса алғанда, облигациялар бойынша дефолт басталған жағдайда эмитент қолданатын шаралар

Дефолт - эмиссиялық бағалы қағаздар және өзге де қаржы құралдары бойынша міндеттемелерді орындамау; Эмитенттің Облигациялары бойынша дефолт жариялануы мүмкін оқиға (бұдан әрі – "Дефолт оқиғасы") Эмитенттің негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы төлеу үшін осы жеке меморандумда белгіленген мерзімдерде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу жөніндегі міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамауы болып табылады.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы туындаған жағдайда Эмитент Облигацияларды ұстаушыларға негізгі борыштың және (немесе) Облигациялар бойынша купондық сыйақының сомасын (бұдан әрі – "Нақты төлем Күні") немесе оның тиісті бөлігін төлеу туралы ақшалай міндеттеме орындалған күнге Қазақстан Республикасы Ұлттық банкінің базалық ставкасын негізге ала отырып, мерзімі өткен әрбір күн үшін тұрақсыздық айыбын есептеуге және төлеуге міндетті (айыппұлды есептеудің соңғы күні-нақты төлем күні).

Егер мұндай төлемеу және (немесе) толық емес төлеу Эмитенттің сыйақы және (немесе) номиналды құнды төлеуді жүзеге асыруы мүмкін емес болатын Облигацияларды

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.



ұстаушылардың банктік шотының шынайы емес не толық емес деректемелерін алу не "Бағалы қағаздардың орталық депозитарийі" АҚ Эмитентке Облигациялар ұстаушылар тізілімін заңнамада және онымен жасалған шартта белгіленген мерзімде ұсынбау нәтижесі болып табылса, осы жеке меморандумда белгіленген тәртіппен және мерзімдерде Эмитенттің Облигациялар бойынша сыйақыны және/немесе номиналды құнын төлемеуі не толық төлемеуі дефолт болып табылмайды.

Эмитент Облигациялар бойынша өз міндеттемелерін ішінара немесе толық орындамағаны үшін, егер бұл орындамау еңсерілмейтін күш мән-жайларының салдары болса, жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмес күш жағдайлары деп болжауға немесе алдын алуға мүмкін болмаған мән-жайлар (дүлей құбылыстар, әскери іс-қимылдар, тыйым салу немесе шектеу сипатындағы уәкілетті органдардың актілері және т.б.) түсініледі. Еңсерілмейтін күш мән-жайлары туындаған жағдайда Эмитенттің осы жеке меморандумда көзделген өз міндеттемелерін орындау мерзімі осындай мән-жайлар мен олардың салдары қолданылатын уақыт кезеңіне сәйкес кейінге қалдырылады.

Міндеттемелерді қайта құрылымдаудың тәртібі мен шарттарын Эмитент Облигация ұстаушыларымен келіссөздер жүргізу жолымен келіседі. Эмитенттің міндеттемелерін қайта құрылымдау туралы шешімді Директорлар Кеңесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес кредиторлардың келісімімен, оның ішінде Облигацияның оны ұстаушыға берілетін құқықтарын ескере отырып қабылдайды. Эмитент дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпаратты Облигацияларды ұстаушылардың назарына осы тармақта көрсетілген мерзімдерде, тәртіппен және тәсілдерді қолдана отырып жеткізеді.

Дефолт оқиғасының басталғаны туралы ақпараттық хабарлама алғаш жарияланған күннен кейінгі күнтізбелік 20 (жиырма) күн ішінде Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша өтініштерін не Облигациялар бойынша Облигацияларды (Облигациялар бойынша талап ету құқықтарын) сатып алу туралы талап ету құқықтарын жинақталған, бірақ төленбеген сыйақыны ескере отырып, Облигациялардың номиналды құнына сәйкес баға бойынша қабылдауды жүзеге асыруға міндетті. сатып алуға мәлімделген Облигациялар санын көрсету арқылы жүзеге асырылады.

Дефолт оқиғасы орын алғаны туралы ақпараттық хабарлама алғашқы жарияланған күннен кейінгі 30 (отыз) күнтізбелік күннен кешіктірмей Эмитент Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын шақыруға және өткізуге міндетті.

Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысының күн тәртібіне өзге де мәселелерден басқа, Эмитент дайындаған өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын және (қажет болған жағдайда) ықтимал өзгерістер жобасын бекіту туралы мәселелер осы жеке меморандумға енгізілуге тиіс.

Егер Облигацияларды ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілмесе және Эмитенттің өзінің төлем қабілеттілігін қалпына келтіру мүмкін еместігі туралы шешім қабылданатын болса, сондай-ақ, егер Эмитент борышкердің кредиторлардың талаптарын толық көлемде қанағаттандыруға қабілетсіздігі кезінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамада көзделген мерзімде Облигациялар бойынша негізгі борыш және (немесе) купондық сыйақы сомасын төлеу және Облигацияларды ұстаушылардың жазбаша талаптары бойынша Облигацияларды сатып алу бойынша өз міндеттемелерін орындамаса, Эмитенттің және Облигацияларды ұстаушылардың бұдан кейінгі іс-әрекеттері немесе Облигациялар бойынша талап ету құқықтары Қазақстан Республикасының оңалту және банкроттық саласындағы заңнамасымен реттеледі.

Егер Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу қорытындылары бойынша төлем қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілетін болса, Эмитенттің Директорлар кеңесі Облигация ұстаушыға берілетін құқықтарды ескере отырып, төлем

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.




қабілеттілігін қалпына келтіру жөніндегі осы іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы шешім қабылдайды.

Облигациялар бойынша дефолт оқиғасы орын алған кезде Эмитент дефолт оқиғасын тудырған себептерді жою және Облигация ұстаушылардың құқықтарын қамтамасыз ету үшін барлық күш-жігерін салады.

Дефолт оқиғасы басталған жағдайда Эмитент тиісті оқиға басталған күннен кейінгі 3 (үш) жұмыс күні ішінде осы ақпаратты Эмитенттің (www.qic.kz), Биржаның (www.kase.kz) ресми интернет-ресурсында оның қағидаларында белгіленген тәртіппен және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қаржылық есептілік депозитарийінің (www.dfo.kz) ресми интернет-ресурсында тиісті ақпараттық хабарламаны орналастыру арқылы Облигацияларды ұстаушылардың назарына жеткізуге міндетті. Эмитенттің ақпараттық хабарламасында мынадай мәліметтер болуға тиіс:

- дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептердің толық сипаттамасы;
- орындалмаған міндеттемелердің көлемі туралы мәліметтер;
- Облигацияларды ұстаушылардың Эмитентке қойылатын талаптармен айналыс тәртібі мен мерзімдерін қоса алғанда, өз талаптарын қанағаттандыру бойынша Облигацияларды ұстаушылардың ықтимал іс-әрекеттерін аудару;
- дефолт оқиғасының басталуына себеп болған себептерді жою үшін Эмитент қабылдаған немесе қабылдайтын шаралар;
- Облигация ұстаушылардың жалпы жиналысын өткізу күні;
- Эмитенттің шешімі бойынша өзге де ақпарат.

Уәкілетті тұлға:



Электрондық цифрлық қолтаңба:

**БЕГУЛИЕВ ТИМУР
ЭРКИНОВИЧ**
(тегі, инициалдары)

Бұл құжат ҚР 2003 жылдың 7 қаңтарындағы "Электронды құжат және электронды сандық қол қою" туралы заңның 7 бабы, 1 тармағына сәйкес қағаз бетіндегі заңмен тең.

Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II "Об электронном документе и электронной цифровой подписи" равнозначен документу на бумажном носителе.

